



2002 жылдың тамыз айынан бастап шығады

ЖЕТІСТІК

АБАЙ УНИВЕРСИТЕТІ «АТАМЕКЕН» РЕЙТИНГІСІНДЕ ЖОҒАРЫ НӘТИЖЕ КӨРСЕТТІ

2024 жылдың 30 қаңтарында «Атамекен» ҰҚП жоғары білім беру саласындағы жоғары жетістіктердің көрінісі болған Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындарының 2023 жылғы білім беру бағдарламалары рейтингісінің нәтижелерін жариялады. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті осы рейтингте 44 білім беру бағдарламасын (ББ) ұсына отырып, ерекше көзге түсті. Оның ішінде 5 ББ үздік ТОП-3-ке кірді, ал 20 ББ ТОП-10 үздіктер қатарынан көрініп, лайықты орындарға ие болды.

Түлектердің мансаптық перспективасы бойынша бағасы (күресіп қалыту және қалай: мейішпен таңдау)	2.28
Сарптамалық бағалау бойынша бағасы	соответствует
Статистикалық деректер және студент жетістіктері бойынша бағасы	0.77
Жалпы бағасы	3.45

Бұл нәтиже университет ұсынатын білім берудің жоғары стандартын және оның академиялық жетілуге деген ұмтылысын көрсетеді.

Бұл көрсеткіш Абай университетінің бәсекеге қабілетті мамандарды қалыптастыруға жауапты көзқарасының айғағы болып табылады. «Атамекен» ҰҚП рейтингісінің нәтижелері университеттің беделін нығайтып қана қоймай, Қазақстан Республикасының жоғары білім берудегі түрлі ұсыныстарының ішінен оқу бағдарламаларын таңдайтын студенттер үшін бағдар болып табылады.

Қоғаммен байланыс департаменті

Арулардың мейрамы құтты болсын!



Жаратқанның таусылмасын сыйлары,
Қыздардың тек, иман болсын жиғаны.
Көктемменен қатарласа келетін,
Арулардың құтты болсын мейрамы!

Ардақты аналар! Құрметті әйелдер қауымы және аяулы арулар!

Сіздерді 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын! Халқымыздың «Әйел бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербетеді» деген дана сөзінде терең мағына жатыр. Әйелдер қауымы – отбасының ұйытқысы, береке-бірліктің шырақшысы. Қоғамда әйелдер қауымының кез келген істегі кәсіби біліктілігі мен жауапкершілігі айқын аңғарылады. Олар өскелең ұрпақты адамгершілікке тәрбиелеуде ерекше орын алады, қоғамдағы үндестік пен үйлесімдікті, келісімді нығайтуға ықпал етеді. Олардың еңбегі жоғары құрметке лайық.

Бүгінгі таңда жаңа формациядағы педагог кадрларды және бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауда Қазақстан ауқымды өзгерістер мен саланы жүйелі жаңғырту кезеңіне қадам басты. Ал білікті ұстаздарымыз бен болашақ ұстаздарымыз – аяулы аруларымыздың шығармашылық қасиеттері, тәжірибесі мен күш-жігері еліміздің білім мен ғылым саласында ілгерілеуіне септігін тигізері анық.

Көктемнің шуақты мерекесімен оқу орнымызда және елімізде табысты еңбек етіп, білім мен ғылымға елеулі үлес қосып жүрген әйелдер қауымы мен қыздарды шын жүректен құттықтаймын.

Баршаңызға зор денсаулық, отбасылық амандық және толағай табыс тілеймін!

Ізгі ниетпен, ректор
Болат ТІЛЕП

СҰХБАТ



ШЕТ ТІЛІ МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША МЕКТЕПТЕРДЕ ИНСТИТУТ ФИЛИАЛДАРЫН АШУДЫ КӨЗДЕП ОТЫРМЫЗ



Алу ТАҢЖАРЫҚОВА,
Институт директоры,
Филология ғылымдарының докторы

—Алу Василийқызы, әне-міне дегенше көктемге де аяқ бастық. Наурыз айы жаңа, жасампаз ойларға бастайды. Олай болса әңгіме басында өзіңіз басқаратын институттың тарихына қысқаша шолу жасап өтсеңіз?

—Филология институты тіл мен әдебиетті, сөз өнері мен мәдениетін оқытатын нағыз шеберхана болып табылады. Мұнда алынған білім мен тәжірибе білім алушылардың өзін танытуына және тұлғалық қалыптасуына мүмкіндік береді. Филология институтының тарихы университет тарихымен біте қайнасып жатыр десек артық айтқандық емес. Ең алғаш 1928 жылы университетте физика-математика және лингвистика-педагогика бөлімдерінен тұратын жалғыз факультет болып ашылған. Кейіннен XX ғасырдың 30-шы жылдары лингвистика бөлімінің базасында филология факультеті ашылып, дерек бойынша оған 49 студент қабылданады. Өткен жылы қарашаңырақ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 95 жылдық мерейтойын атап өттік. Яғни, бұл - Филология институтының да 95 жылдық тарихы бар деген сөз. Факультеттің іргетасын алаш зиялылары А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанұлы, С.Сейфуллин, С.Аманжолов, М.Әуезов және т.б. көрнекті ғалым-қайраткерлер қалаған болатын. Факультет болып ашылғаннан бастап ғылыми - зерттеу қызметі, педагог маман дайындау дәстүрі қалыптаса бастады. Осы жолда С. Қирабаев, Т. Абдрахманов, Р. Сыздық, Н. Ғабдуллин, Ғ. Қалиев, Н. Келімбетов, Х. Әдібаев, Н. Оралбаева, Ф. Мұсабекова, Д. Әлімжанов, Р. Рүстембекова, Т. Рақымжанов, С.Мақыров, Т. Тебегенов т.б. елімізге белгілі ғалымдар еңбек сіңірді. Қазір де институтымызда М. Мырзахметов, Б.Әбдіғазыұлы, С. Асылбекұлы, Б. Сманов, Ж. Абуов, Т.Қонысбаева, Ж. Шойымбет, Б. Қасым, Ф. Оразбаева, Ж. Балтабаева, Г. Қосымова, М. Қондыбаева, Р. Шаханова, С. Жүнүсова, М. Мүсатаева, Д. Шайбакова, Т. Аяпова, Қ. Есенова, Р. Рахметова, А. Жұмабекова, Р.Арзиев, Х.Масимова сынды оқулық және білім беру беру бағдарламаларының авторлары жұмыс істейді. Сондықтан да институт тарихын айтқанда көкірегімізді ерекше мақтанш кернейді.

Баспасөз қызметі

Басы. Жалғасы 3 бетте

QS WUR: ҮЗДІК ТОП-5 ҚАТАРЫНДА

Университет өмірінде интернационалдандыру үдерісі маңызды орын алады. Әлемнің 18 елінен 524 адам біздің университетіміздің білім алушылары болып саналады. Әлемдегі 33 елдің университеттерімен 140-тан астам шарт жасалынды, оның ішінде Quacquarelli Symonds World University Rankings (QS WUR) ҮЗДІК-500 және Times Higher Education World University Rankings (THE WUR) ҮЗДІК-500 қатарына кіретін университеттермен 20 келісімшарт жасалынды.

Халықаралық келісімдердің едәуір бөлігі бұрынғыдай кең ауқымды ынтымақтастық мүмкіндіктерін қарастырады: академиялық алмасулар, тағылымдамалар, бірлескен зерттеулер, қос дипломдық бағдарламалар, конференциялар, семинарлар, қысқы және жазғы мектептер ұйымдастыру мен өткізу. Осылайша, жыл сайын Абай университетінің жүздеген студенттері алмасу гранттық бағдарламаларына, ғылыми тағылымдамаларға, әлемнің жетекші университеттерінің жазғы және қысқы мектептеріне қатысады.

Халықаралық алмасу бағдарламаларының ішіне: - «Erasmus+» халықаралық кредиттік ұтқырлық бағдарламасы - Франция, Румыния, Германия, Словакия, Польша және Түркия жоғары оқу орындарымен 9 бағдарлама; - «Мевлана» бағдарламасы - Нийде, Ахи Евра, Мармара, Мүгла, Фиррат, Хаджи Байрам Вели,



Сиирт университеттерімен 7 бағдарлама; - Франко-Қазақстандық «Абай-Верн» стипендиялық бағдарламасы; «DAAD» бағдарламасы - Хайдельберг педагогикалық университетімен 2 бағдарлама; «Болашақ» стипендиялық бағдарламасы кіреді.

Халықаралық білім беру жобалары: Калифорниядағы Сакраменто мемлекеттік университетімен (Калифорния, АҚШ) «Деректер және ұйымдық мәдениет негізінде оқытушыларды даярлау» жобасы; Эразмус+ жоғары білім беру саласындағы әлеуетті арттыру (ЖБӨА) KazDUAL бағдарламасының жобасы (Қазақстанда дуалды жүйені енгізу) (2021-2024); - 2021-2024 жылдарға арналған Оқаяма университетімен бірлесіп іске асырылатын «Тұрақты даму мүддесінде білім беру саласындағы азиялық озық тәжірибе орталықтары арасындағы ынтымақтастық арқылы климаттың өзгеруі мәселелері бойынша педагогикалық білім беруге жәрдемдесу» UNESCO ғылыми жобасы (Жапония) (2021-2024); Abai University «One Asia Foundation» қазіргі «Eurasia Foundation (from Asia)» деп аталатын халықаралық білім беру жобасында конкурстарды жыл сайын жеңіп алады.

Аталған халықаралық қордың мақсаты Азия халықтарының прогресс пен жаңғыру жолына түсуінің аса маңызды факторы болып табылатын кедергілер мен кедергілерді еңсеру арқылы континентте Азиялық қоғамдастықтың қалыптасуына жәрдемдесу болып табылады. Абай университеті халықаралық білім беру жобасына 10 жылдың ішінде қатысып, 10 ғылыми-білім беру жобасын жеңіп алды.

Абай университетінің негізгі міндеттерінің бірі - әлемнің жетекші университеттерімен, ғылыми орталықтарымен және ұйымдарымен стратегиялық әріптестік пен желілік қарым-қатынасты дамыту.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТ ҮШІН МАҢЫЗДЫСЫ – МЕКТЕППЕН ТІКЕЛЕЙ БАЙЛАНЫС

«Сапалы білім - сапалы адами капитал» тақырыбында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі мен ғылым және жоғары білім министрлігінің бірлескен алқасының кеңейтілген отырысы өтті.



Іс-шараға ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Тамара Дүйсенова, ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев, Парламент Мәжілісінің депутаты Асхат Аймағамбетов, сондай-ақ жоғары оқу орындарының ректорлары, министрліктің ҒЗИ және ведомстволық бағынысты ұйымдарының басшылары, мектеп директорлары қатысты.

Отандық білім беру саласының басым бағыттары сөз болған алқа отырысында Абай атындағы ҚазҰПУ басқарма төрағасы - ректор Болат Тілеп те Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру аясында еліміздегі орта білім беру саласындағы кадр тапшылығы мәселесін шешу, жаңа формациядағы педагогикалық кадрларды даярлау, кадрларды қайта даярлау бағдарламасын күшейту, үздіксіз біліктілікті арттыру механизмдерін және PGCІ бағдарламаларын іске қосу бағытында атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндады.

«Педагогикалық университет үшін ең басты, ең маңызды бағыт - әрине, мектеппен тікелей байланыс. Сондықтан да қазіргі таңда біздің жұмыс педагогтерді дайындау процесінің практикаға негізделуі, оның ішінде дуальды оқыту, мектеп мұғалімдерін дипломдық жұмыстарға жетекшілік етуге тарту, шебер-педагогтерді дәріс беруге шақыру арқылы кеңейіп жатыр. Студенттердің тіпін және «микробіліктіліктер» бағдарламаларын қосымша игеруіне жағдай жасалуда. Осы шаралар түлектердің тәуелсіз сертификаттаудан ойдағыдай өтуіне оң ықпал етеді деп сенеміз. Жалпы, жастардың мұғалімдікке қызығушылығын арттыру

кәсіби бағдар беру жүйесін толыққанды қалыптастырумен тікелей байланысты. Сондықтан мектептермен әріптестікті нығайту шаралары жаңа тұрғыда жүзеге асып отыр», - деген ректор болашақ педагогтің кәсіби жауапкершілігін көтеру, білім сапасын арттыру, Абай университеті мен мектептер арасындағы ынтымақтастықты нығайту мақсатында жүзеге асырылып жатқан «Педагогикалық сынып», Honors College жобаларына тоқталды.

Соған байланысты Абай университеті келесідей бастамаларды қолға алып отыр:

Біріншіден, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетімен консорциум құрып, педагогика факультетін ашу жоспарланып отыр. Биылғы жылдың қыркүйегінен бастап кадрлар даярлана бастайды.

Екіншіден, осы жылдың наурыз айынан бастап Абай университетінің 200 студенті Астана қаласына педпрактикадан өтуге келеді. Бұл бастаманың мақсаты - Астана мектептеріндегі кадрлық сұраныстың шешілуін қамтамасыз ету.

Үшіншіден, Абай университеті қазір республиканың үш өңірімен мұғалімдерді қайта даярлап, жаңа формацияда біліктілігін арттыру жұмыстарын бастап кетті (Жетісу - арнайы педагогика мамандары, Алматы және Түркістан - пән мұғалімдері). Осы жылы 3 мыңнан астам педагог қамтылады.

Жалпы, аталған шараларды үйлестіруді Абай университеті өз міндетіне алып, еліміздің барлық педагогикалық қауымымен, Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясымен бірлесе отырып жұмыс істейтін болады.

Ш. ШЫНЫБЕКОВА

Геймификация - бұл оқушылардың жаңа білім алуға деген мотивациясын арттыруға көмектесетін құрал. Бүгінгі таңда бүкіл әлемде әртүрлі жастағы адамдар қолданатын заманауи технологиялар мектеп оқушыларына өздерінің зияткерлік шеберліктерін дамытуға көмектеседі. Бұл оқу материалын тереңірек ұғынуға мүмкіндік береді.

Заманауи технологиялардың арқасында мектеп оқушылары үшін білім беру процесі ыңғайлы болады. Оқушылар ойын түрін классикалық әдістерге қарағанда жақсырақ қабылдайды. Геймификация әрдайым оқушы мен мұғалім арасында болған қарсыласты азайтуға мүмкіндік береді. Балалар өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілікті өздері үйренеді, бір-бірімен өзара әрекеттеседі.

Алматы қаласының №49 мектебінде жаратылыстану-ғылыми бағытындағы пәндер онкүндігінің жабылуына орай ұйымдастырылған «Білім берудегі геймификация»

қосымшалар мен геопорталдарды тиімді пайдалану тәсілдерін ұсынды. Сондай-ақ биологиядағы генетикалық есептердің шығарылу жолдары бойынша Абай атындағы ҚазҰПУ биология кафедрасының аға оқытушысы Раушан Жүнісова өзінің педагогикалық тәжірибесімен бөлісті. Білім берудегі жаңа технологиялардың қалалық ғылыми-әдістемелік орталығының әдіскері, халықаралық деңгейдегі тренер Назима Жақыпова білім беруде геймификацияны қолданудың оңтайлы тәсілдермен пайдалану керектігін баса айтты, мектептің іс-шараны ұйымдастырудағы жұмыстарына, мұғалімдердің біліктілігіне жоғары баға берді. Fab Lab зертханасының құрғақ мұз эксперименттері семинардың практикалық бөлігі ретінде ұсынылды, онда қатысушылар инновациялық технологиялармен және материалдармен жұмыс істеу әдістерімен жақынырақ танысты. Бұл эксперимент білім алушылар мен педагогтар үшін ғылым мен технология әлеміне

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ГЕЙМИФИКАЦИЯ



енуге, сондай-ақ құрғақ мұзды біздің өміріміздің әртүрлі салаларында қолдану туралы білуге бірегей мүмкіндік болды.

«Ынтымақтастық ортасын құру» тақырыбындағы тренинг оқу процесінде бірлесіп жұмыс істеу және өзара іс-қимыл жасау дағдыларын дамытуға бағытталған практикалық сабақ болды. Тренингке қатысушылар тиімді оқыту мен білім алмасуға ықпал ететін сыныпта немесе топта қолайлы және қолдау атмосферасын құру әдістерін талқылады. Теориялық бөлімнен басқа семинар практикалық сабақтарды да қамтыды. Қатысушылар биология, химия және география сияқты жаратылыстану пәндері бойынша шағын оқытуларға да қатысуға мүмкіндік алды. Семинар «Театрало4ка» мектеп үйірмесі дайындаған «Таңғажайып Ірбіс» спектаклімен, сондай-ақ «Таухартас» кинофильміндегі музыкаларды мектеп мұғалімдерінің хорының орындауымен өз мәресіне жетті.

Семинарды аяқтай отырып, мектеп директоры Жанна Тәңірбергеновқызы: «Бүгінгі семинар педагогтар мен әдіскерлерді білім берудің өзекті мәселелерін талқылауда біріктірген тамаша оқиға болды. Бүгінгі таңда қалыптасқан жаңа идеялар мен тәжірибелер оқу процесін қызықты әрі тиімді етуге көмектесетініне сенімдіміз», - деп, барлық қатысушылар мен арнайы келген қонақтарға өз алғысын айта отырып, қорытындылады.

Осылайша, «Білім берудегі геймификация» қалалық практикалық семинары мұғалімдер мен барлық қатысушылар үшін қызықты және тиімді оқу ортасын құруға бағытталған білім беру жүйесін дамытудағы маңызды қадам болды.

22-23 ақпанда Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ұйымдастыруымен өткен «Менің пірім - Сүйінбай» дәстүрлі VIII халықаралық жас ақындар айтысы өз мәресіне жетті.

Жас ақындар айтысының мақсаты - айтыс өнерін жастар арасында кеңінен насихаттау, ақындық дәстүрді жаңғырту, жас ақындардың қабілеттері мен шешендік өнерін шыңдау, олардың көпшілікке танылуына мүмкіндік жасау, төл өнеріміз бен ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу.

Жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін жыр додасына еліміздің ЖОО-ның жас жүйріктері мен Қырғызстан, Моңғолия, Өзбекстан сынды шетелден келген жалпы саны 40-қа жуық ақындар қатысты.

Биыл қазақтың үш бәйтерегі Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлиннің 130 жылдығына арналған дүбірлі айтысты студенті Асет Ақылжанов, «Оразалы Досбосынов» атындағы

орынды Қазақ Ұлттық өнер университетінің студенті Мұхтар Қонарбай мен Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті Дильназ Ержігіт иеленді. III орынды Қырғызстанның жас ақыны Ырыскелді Қалыбекұлына, Қазақ ұлттық өнер университетінің студенті Нұрдаулет Өмірбеков пен Каспий өңірі Болашақ колледжінің студенті Жанболат Алиев қанжығасына байлады.

Одан бөлек, «Темірхан Тебегенов» атындағы арнайы жүлдеге Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтының студенті Асет Ақылжанов, «Оразалы Досбосынов» атындағы



ҚАРАШАҢҰҰРАҚТАҒЫ ЖАС АҚЫНДАР АЙТЫСЫ



Абай университетінің ректоры Болат Тілеп ашып, барлық арнайы жүлдеге Өзбекстанның жас жүйрігі Ринат Қожамұратов, қатысушыларға сәттілік тіледі. Аламан айтыс екі кезеңнен тұрды. «Есенқұл Жақыпбек» атындағы арнайы жүлдеге Қазақ ұлттық өнер университетінің студенті Алиян Ергалиев, «Ерік Асқаров» атындағы арнайы жүлдеге Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің студенті Сұлтан Сәуірхан, «Әселхан Қалыбекова» атындағы арнайы жүлде қорын Қазақ ұлттық өнер университетінің студенті Нұртілеу Төленбек, «Жарқынбек Наушабеков» атындағы арнайы жүлдені Шәкәрім атындағы Семей университетінің студенті Қуаныш Еркінұлы,

«Қонысбай Әбілов» атындағы арнайы жүлдеге Ә.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің студенті Нұрсерік Тәуекелов, «Әзімбек Жанқұлиев» атындағы арнайы жүлдеге М.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің студенті Аят Бәтәй, «Зейнолла Сәнік» атындағы мәдениет қорының жүлделеріне Абай университетінің студенттері Санжар Даярбек мен Нұршапағат Саулет ие болса, «Дара дарын» жобасының арнайы жүлдесін Өзбекстаннан келген жас жүйрік Ринат Қожамұратов, «Өзбекәлі Жәнібеков» атындағы арнайы жүлдені Қазақ ұлттық өнер университетінің студенті Батыржан Кәдірбай алды.

«Алатау» дәстүрлі өнер театрының қолдауымен, «ASSYLTA» қоғамдық қорының құрылтайшысы Дулат Тастекеевтің демалушылығымен өткен екі күндік шараға: ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, «Отан» орденінің иегері, «Айтыс ақындары мен жыршы-термешілердің Халықаралық одағы» РҚБ басқарма төрағасы Жүрсін Ерман, Қазақстан Жазушылар одағы басқарма төрағасының орынбасары, ақын Бауыржан Жақып, Филология ғылымдарының докторы, профессор Балтабай Әбдіғазизұлы, ҚР Мәдениет қайраткері, белгілі айтыскер ақын Серік Қалиев, Алтын домбыра иегері, айтыстың ақтангері Еркебұлан Қайназаров қазылық етті. Ал, додасын айтыскер ақын, О.Досбосынов атындағы ақындар мектебінің жетекшісі Шұғайып Сәзімханұлы жүргізді.

Айтыстың толық нұсқасын алдағы уақытта «Алматы» телеарнасынан көре аласыздар.

Болат ЖҰМЫНҰЛЫ

–**Жоғарыда өзіңіз атап өткен А.Байтұрсынұлы атындағы ғылыми-әдістемелік орталықтың ашылуы мен қазіргі таңда атқарып отырған жұмыстарымен таныстырып өтсеңіз.**

–Филология институты жанынан Ұлт ұстаздың 150 жылдық мерейтойына орай А. Байтұрсынұлы орталығы ашылған болатын. Орталық ашылғаннан бері халықаралық вебинар, ғылыми-әдістемелік онлайн/офлайн семинар, республика, қала және университет деңгейінде интеллектуалды сайыстар, ғылыми жобалар байқауы, әдеби-танымдық кештер, кездесулер және тағы басқа мазмұнды іс-шаралар өткізіліп отырады. 2022 жылы Түркия Республикасы Элазыг қаласындағы Фырат университеті, Татарстан Республикасы (Ресей) Қазан федералдық университеті және Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогикалық университеті, Гүлстан мемлекеттік университеті, Шыршық педагогикалық университеті, Қарақалпақстан Республикасындағы Әжанияз атындағы Нөкіс мемлекеттік педагогикалық институттарымен бірлесіп, авторлық бағдарлама негізінде бірнеше іс-шаралар ұйымдастырылды. Орталыққа ғалымның архивтік құжаттарын жинақтап, ғылыми еңбектерінің электронды қоры жасақталды. Алматы қаласындағы Ахмет Байтұрсынұлы Музей үйімен ынтымақтастық қарым-қатынас орнатылды. Халықаралық деңгейде «Ахмет Байтұрсынұлы – түркі әлемінде» рубрикасы бойынша онлайн/офлайн форматта семинар ұйымдастырды. «Ахмет оқулары», «Ұлт Ұстазы – Ахмет Байтұрсынұлы», «Ахметтің жыр әлемі» сияқты танымдық тақырыптарда іс-шаралар ай сайын өткізіліп отыр. 2023 жылы студенттер арасынан «Ұлт Ұстазы – Ахмет Байтұрсынұлы» атты интеллектуалды байқау өтсе, осы жылдың күзде «Түркі тілдерінің қарым-қатынас мәдениеті» тақырыбында халықаралық ғылыми-практикалық семинар ұйымдастырылды. А.Байтұрсынұлы орталығы жұмыстарын жоспарға сәйкес жүйелі, тұлғатану бағытында жалғастыруда.

–**Студенттерге заманауи білім беру және уақытқа сай жан-жақты тұлға қалыптастыру кез-келген оқу орының стратегиялық мақсаты. Филология институтында бұл маңызды мақсат қалай жолға қойылған?**

–«Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бағынған құл болмайды», –деп даңқты

республикалық, халықаралық байқауларға жолдама алады. Мәселен, өткен жылы 30-ға жуық студент пен магистрант республикалық-халықаралық деңгейдегі конкурстарға қатысып, I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталғанын мақтанышпен айтамыз.

Жылда студенттер мен магистранттардың дәстүрлі конференциясын ұйымдастырамыз. Өткен желтоқсан айында «Жаңа формациядағы педагогтің рөлі: озық білім, өнегелі тәрбие» атты тақырыпта 78-ғылыми конференциясы өтті. Дәстүрлі конференцияның тақырыбына қашанда ерекше мән береміз. Мәселен, соңғы конференция тақырыбын Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың Республикалық педагогтер съезінде көтерген мәселесін басшылыққа ала отырып ұйымдастыруды жөн көрдік.

Білім алушылардың ғылыммен айналысуы ең алдымен оның жетекшісіне байланысты. Студенттік кезеңде ғылымға бейімі бар білімалушылар магистратураға түскен соң ғылыми жетекшісінің қол жеткізген университетішілік немесе ҚР ғылым және жоғары білім министрлігі ұйымдастырған жобаларға мүше бола алады. Мысалға айтар болсақ, «Қазақ көшпелілерінің өміріндегі жылқының рөлі және оның ұлттық әдебиеттегі көркем репрезентациялануы» атты жобаға магистранттар Айымжан Казтаева мен Абдул Абдулқарім жоба орындаушысы болып тіркелген.

Профессор-оқытушы құрамының ғылыми-зерттеу жұмысы саласындағы жетістіктері де өз алдына бір төбе. Институттың профессор-оқытушылары ҚР ҒЖБ министрлігі қаржыландыратын 2022-2024 жылдарға арналған 4 ғылыми жобаны (жетекшілері: Ф. Оразбаева, Қ. Есенова, Г.Асқарова, Д.Сабирова), 2 «Жас ғалым» жобасын (жетекшілері: М.Абилов, Ж.Саметова) жеңіп алса, 2023-2025 жылдарға арналған 3 ғылыми жобаны (жетекшілері: А.Жұмабекова, Г.Байшукұрова, Ф.Ержанова), 2 «Жас ғалым» жобасын (жетекшілері: К.Абдрахманова, Д.Сатемирова) ұтты. Халықаралық ғылыми-зерттеу жобаларын іске асыру бойынша үлкен нәтижеге қол жеткізді! Атап айтқанда, Халықаралық ERASMUS+ бағдарламасы, Корея Білім академиясының гранты және Түркия зерттеу орталығымен бірлескен зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Ғылыми мақалалар жариялау бойынша да

білім ордасы. Бүгінгі таңдағы еңсесі тіпті биік. Оқу орнының қазақ халқының тарихындағы алатын орны да ерекше. Университет алғаш құрылған күннен бастап бүгінгі күнге дейін білікті мамандар даярлауда еліміздегі жоғары білім беру жүйесінің көшін бастап келеді. Сол себепті де өңірлік ЖОО біздің университетпен тығыз қарым-қатынас орнатуды көздейді. Академиялық ұтқырлық бойынша 1 семестрге білім алушыларын біздің университетке жібереді. Оның ішінде филология институтына өңірлік ЖОО-нан үздіксіз келеді. Әсіресе, қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, шетел тілі: екі шетел тілі мамандықтары бойынша келушілер өте көп. Ал шетелдік, яғни сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламаларына бакалавриаттың 2-3 курс студенттері, күндізгі бөлімнің 1 курс магистранттары қатыса алады. Академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысуға үміткерлер жақсы академиялық көрсеткіштерге және шет тілін жоғары деңгейде меңгеруге тиіс. Шетелде 1 семестр білім алу үшін міндетті түрде конкурсқа қатысады. Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша құрылған комиссияның шешімімен шетелге оқуға жіберіледі. Халықаралық алмасу бағдарламаларының ішінде «Erasmus+» халықаралық кредиттік ұтқырлық бағдарламасын, «Мевлана» бағдарламасын, Франко-Қазақстандық «Абай-Верн» стипендиялық бағдарламасын, «DAAD» бағдарламасын, «Orhup» бағдарламасын ерекше атап өткен орынды болар. Аталған бағдарламалар негізінде филология институтының жылына 100 жуық студент-магистранттары мен докторанттары академиялық ұтқырлық бойынша білім алып немесе тағылымдамдан өтіп жүр.

–**Білім алушылар мен білім беру саласын жақсарту бойынша атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып өтсеңіз. Осы жерде педагогикалық емес мамандық студенттерінің мәселесін де қамти кетсеңіз.**

Білім беру саласын жақсарту мақсатында Филология институтының педагогикалық емес мамандық студенттерінің өндірістік практикаларына да оқу жылы барысында басты назар аударылады. Себебі институтымыздың педагогикалық мамандық студенттерінің мектеп базаларымен жұмыстары жолға қойылғандықтан ешқандай мәселе жоқ. Ал, енді педагогикалық емес

ШЕТ ТІЛІ МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША МЕКТЕПТЕРДЕ ИНСТИТУТ ФИЛИАЛДАРЫН АШУДЫ КӨЗДЕП ОТЫРМЫЗ

батырымыз Бауыржан Момышұлы айтқандай институттың басым бағыттарының бірі - студенттерді қоғамдық өмірге бейімдеу. Біздің студенттеріміз университеттегі қоғамдық іс-шараларға белсене қатысып, университет жастарының көш басында жүр десек артық айтқандығымыз емес. Атап айтар болсақ, университетте ұйымдастырылатын түрлі форматтағы шаралар, спорттық, білім және тәрбиеге қатысты шараларда үнемі бой көрсетіп отырады. Институтта студенттердің ғылыми-шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында ғылыми-танымдық, тәрбиелік мақсатта үйірмелер жұмыс істейді. Одан бөлек 2020 жылы институт ішінен «Күлтегін» шығармашылық бірлестігі құрылған болатын. Ондағы мақсат – шығармашылық және белсенділік қабілеті жоғары өнерлі студенттердің тұлға болып қалыптасуы мен өзін-өзі жан-жақты дамытуына жол ашу, аталған бірлестіктің құрамына кіретін барлық үйірмелердің жұмысын бірізге келтіру негізінде қолға алынды. Бұл бірлестік 6 бағыт бойынша (медиа, журналистика, театр, спорт, ән, би) топшаларға бөлінеді және сол бағыт бойынша жұмыс жасайды. Институт табалдырығын аттаған студенттер өз бағыттары бойынша осы үйірмелерге жазылып, одан әрі өзін-өзі дамытуды қолға алады. Бұл бірлестіктің нәтижелі жұмыс жасап келе жатқаны университетімізге де белгілі. Былтыр «Күлтегін» бірлестігінің «Уркер» ұйымы Семей қаласында өткен жас театрлар арасында бас жүлдені жеңіп алды. Одан бөлек біздің университетте ұйымдастырылған шарада 8 университет жастарының арасында тамаша қойылым көрсетіп, «Үздік қойылым» номинациясын иеленді. Сондай-ақ журналистика және медиа топтарындағы студенттеріміз елімізде түрлі сала бойынша өлшеусіз үлес қосқан қоғам қайраткерлерімен кездесулер ұйымдастыруға мұрындық болып жүр.

–**Институтта жалпы білім беру бағдарламалары қанша тілді қамтиды?**

–Бүгінгі таңда Филология институты қазақ, орыс және ағылшын тілін оңтайлы үйлестірген классикалық және заманауи білім беру ошағына айналып отыр. Қазіргі таңда Институтымыздың контингенті 3777 білімалушыны құрайды. Жылдан-жылға білімалушылар саны да артып келеді. Бұл Институтта даярлайтын мамандықтарға сұраныстың жоғары екендігінің көрсеткіші деп ойлаймын. 2021 жылы «Ағылшын тілін меңгерген шығыс тілі мұғалімі, корей тілі» білім беру бағдарламасы бойынша мамандық ашқан болатынбыз. Ашылған жылы-ақ бұл мамандыққа 56 білім алушы қабылданса, биылғы жылы 300 ге тарта студент білім алып отыр. Бұл аталған мамандыққа деген сұраныстың жоғары екендігін көрсетсе керек. Сонымен қатар Институтымызда бірінші және екінші тіл ретінде ұйғыр, түрік, араб, қытай, француз, неміс тілдері оқытылады. Стратегиялық жоспарымызда негізгі миссия ретінде озық әдістемелер, ұлттық мұра және әлемдік тәсілдер негізінде қазіргі заманғы білім беру қажеттілігін болжайтын педагогтарды дайындаймыз деп нақты жазылған. Яғни, мұғалім мамандығының беделін арттырамыз және адами капиталды дамытудың драйвері болуды көздеп отырмыз. Осы мақсатқа жету үшін білім беру бағдарламаларының сапасына айрықша мән береміз. Филология институтында жалпы саны 27 білім беру бағдарламасы бар. Бакалавр бойынша-13, магистратурада-7, докторантурада-7.

Бүгінгі студент – ертеңгі маман. Біз маман дайындауда осы өлшеммен қараймыз. XXI ғасыр жағдайында табысты және бәсекеге қабілетті болу үшін, әр студент, әр азамат еңбек нарығында талап етілуге тиіс. Қазіргі білім беру жүйесінде студенттерді сыни ойлау, шығармашылық ойлау, қарым-қатынас жасай білу, командада жұмыс істей білу дағдыларын дамытуға т.б. басымдық береді. Негізінен педагог мамандарды дайындап отырғандықтан білім алушылардың бойына бастамашылдықты, табандылықты, көшбасшылық қасиеттерді, әлеуметтік және мәдени байлықты жетілдіруді көздейміз.

–**Қазір шығармашылықпен, ғылыммен айналысамын деген жастарға университетте барлық жағдай жасалған. Сіз басқаратын институтта бұл мәселе қалай шешілген? Қазіргі таңда қандай ғылыми жобалар жүзеге асырылып жатыр?**

–Филология институтында студенттердің ғылыми-шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында бірнеше ғылыми үйірмелер жұмыс істейді. Атап айтқанда, «Сөзтаным», «Тілтаным», «Тағылым», «Жас филолог» клубтары, «Ағылшын тілі 21 ғасырда» т.б. Сонымен қатар Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ғылыми-әдістемелік орталық ашылып, жұмыс істеуде. Аталған үйірмелердің, орталықтың өз бағыт-бағдары мен ережелері, бекітілген жоспарлары бар. Сол бойынша үйірме жетекшілері студенттердің ғылыми ортаға бейімделуіне мүмкіндік береді. Кез келген үйірменің мақсаты - жас ғалымдарды ғылыми зерттеулердің жаңа бағыттары бойынша конструктивті пікір алмасуға шақыру.

Студенттер 1 курсқа қабылданғаннан бастап, өздерінің қызығушылығына қарай, әлеуетіне байланысты аталған үйірмелердің біріне мүше болады, жетекші таңдайды. Алдымен институт ішінде өтетін байқауларға, конкурстарға, конференцияларға қатысады. Оның жеңімпаздары



нәтижелеріміз жақсы. Әсіресе, Scopus мәліметтер базасына кіретін журналдарда 2023-2024 оқу жылында 26 мақала жарияланған. Процентілі 50 ден жоғары мақала авторлары ретінде ф.ғ.д., профессор Әбдіғазизұлы Б., ф.ғ.д., профессор Таңқарықова А., ф.ғ.д., доцент Ильясова Н.А. ф.ғ.к., профессор Жүніс М.Ә., Ph.D. Молдағали Б., ф.ғ.д., профессор Есенова К.У., П.ғ.д., профессор Балтабаева Ж.К. ф.ғ.к., профессор Кобланова А.Ж. ф.ғ.д., профессор Абишева С.Д., ф.ғ.к., Байшукұрова Г.Ж., ф.ғ.к., доцент Маймакова А.Д., PhD Саметова Ж.Ш., ф.ғ.д., профессор Сафронова Л.В., ф.ғ.д., профессор Шайбакова Д.Д., ф.ғ.д., профессор Шаханова Р.А., аға оқытушы Ораза Р.К., PhD Байсыдық И. ғалымдарымызды ерекше атап өтуге болады. Ғылыми-зерттеу университетіне көшкөндіктен профессор-оқытушылар құрамының ғылыми әлеуетіне біз үнемі мән береміз.

–**Қазіргі таңда «көрі байланыс» мәселесі өте өзекті болып тұр. Мысалы, институт филиалын мектепте ашу жоспарда бар ма? Бар болса, ол қандай бағытты қамтиды?**

–Мектеппен байланыс - маман даярлау, талапкер таңдаудан басталады. Жоғары оқу орындары мен мектеп арасындағы байланысты жетілдіру – бүгінгі күннің талабы. ҚР Президенті Қ.К.Тоқаев «... біз, кәсіби білім берудің бүкіл жүйесін еңбек нарығында сұранысқа ие білікті мамандар қалыптастыруға бағыттағымыз жөн» - деген болатын. Бұл университет стратегиясының мызғымас бір бөлігі. Сондықтан да мектеппен байланыс орнату, бірлесе республикалық деңгейде әдістемелік семинарлар ұйымдастыру, студенттерімізді аудан, қала көлеміндегі мектептерден практикадан өткізу жұмыстары үздіксіз орындалып келеді. Бүгінде маман дайындау тек университет базасында ғана болу керек деген заңдылық жоқ. Орта білім беру мен жоғары білім беру мекемелері бірлесе дайындайды, ол-заман талабы. Осы мақсатта филология институтына қарасты кафедралардың филиалдары Алматы қаласы №35 мектеп-гимназияда, Ш. Уәлиханов атындағы № 12 мамандандырылған гимназияда, Алматы облысы, Талғар ауданындағы №1 И.Ф. Халипова атындағы жалпы білім беретін орта мектепте және Кеген ауданы, Саты ауылында А. Түркебаева атындағы мектеп-лицейде ашылған. 2023-2029 ж.ж. арналған стратегия бойынша филиалдардың санын 10 нан асыру көзделіп отыр. Әсіресе екі шет тілі мамандығы бойынша институт филиалдарын ашуға басымдық берілмек.

–**Абай университеті Қызақстанның өңірлік ЖОО-мен екіжақты келісімдер негізінде академиялық ұтқырлық бағдарламасы жұмыс жасап жатқаны белгілі. Осы мәселе сіз басқаратын институтта қалай жүзеге асырылуда? Білім алушылардың сыртқы академиялық ұтқырлығын ұйымдастыру мәселесі туралы да тілге тиек ете кетсеңіз?**

–Абай университетінің 95-жылдық тарихы бар, еліміздегі алғашқы жоғары

мамандық студенттерінің практика базалары әр оқу жылдары мекеме сұраныстары арқылы ғана жүзеге асырылатын. Биылғы оқу жылында осы мәселені жүйеге қою мақсаты қарастырылды. Осы бағытта жұмыстар жүргізіліп, студенттеріміздің өз мамандықтары бағытында білімдерін практика жүзінде ұштастыруға жаңа мүмкіндіктер ашып отырмыз.

2023-2024 оқу жылының желтоқсан айынан бастап педагогикалық емес мамандықта оқитын студенттерінің практика базалары қайта жандандырылып, толықтырылды, мекемелермен екіжақты келісімшарттар орнатылып, меморандумдарға қол қойылды. Атап айтқанда, студенттеріміз «Қазақстан» телерадиокорпорациясында, «Қазақ газеттері» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында, Мемлекеттік тілдерді дамыту институтында дипломалды өндірістік практикалардан өтіп жатыр.

–**Қазіргі жаһандық дәуір - егде адамдардың белсенділігі артқан заман екені белгілі. Күміс университеті негізіндегі салықалы жастағы адамдарды қайта оқыту, заманға бейімдеу бағытында қандай шаралады атқарып жатырсыздар?**

–Филология институты университеттің 2023-2029 жылдарға арналған Даму бағдарламасына сәйкес, «Күміс университет» жобасын жүзеге асыруда өз жұмысын бастады. «Күміс университет» зейнет жасындағы ересек адамдардың қызығушылықтарна қарай, білім беру, тіл үйрену және т.б. курстар бойынша өмір бойы оқуларына жағдай жасау болып табылады. Қазіргі таңда жастармен қатар ересек адамдар арасында да мемлекеттік тілді үйренуге деген құштарлық жылдан-жылға артып келеді. Филология институты осы мақсатта егде адамдарды тартып, топ жасақтап, тілек білдірген азаматтарға көмек көрсету мақсатында «Біз қазақша сөйлейміз» курсына алғашқылардың бірі болып қолға алды. Қатысушылардың саны қазіргі таңда 21 адамға жетті, олардың орта жасы алпыста болса да, тіл үйренуге деген қызығушылықтары өте жоғары екені байқалды. Болашақта сұранысқа байланысты ағылшын тілі мен араб тілі курстарын да ашқалы отырмыз. Халқымыз қашанда қарттарын құрметтеген, біз зейнет жасына шығып, алі де өздерін дамытамын деген салықалы жастағы адамдарға қол ұшын созуымыз керек деп ойлаймын.

–**Студенттерге ұлттық тәрбиені насихаттау бағытындағы «Толық адам» концепциясы қалай жүзеге асырылуда?**

–Студенттерге ұлттық тәрбиені насихаттауда Абайдың еңбектерінің орны ерекше. Осы мақсатта 2008 жылы университетте «Хакім Абай» ғылыми-зерттеу орталығы ашылған. Әуелде бұл орталықта белгілі Абайтанушы ғалым Мехметас Мырзахметұлы басшылық жасады. Кейіннен белгілі ғалым Жабал Шойынбеттің ұйымдастыруымен студенттерге арналған түрлі шаралар қолға алынды. Орталықтың ұйытқы болуымен Абай еңбектеріне қатысты көптеген ғылыми және оқу-әдістемелік кітаптар өмірге келді. Сонымен қатар «Абайтану» арнайы пән ретінде жалпы университет бойынша жүргізіліп келеді. Абай мұрасын насихаттау игілікті іс. Насихат жұмыстары ешқашан толастамауы керек. Сол мақсатта біз 2023-2029 институттың даму стратегиясына Абайдың «Толық адам» ілімін кіргіздік. «Толық адам» концепциясы негізінде мына бағыттарға басымдылық беріледі: ұлттық ерекшеліктерді ескеру, ұлттың мәдени кодын (тіл, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, тарихын) сақтау, көп мәдениетті ортада белсенді өмір сүруге, әртүрлі мәдени мағыналарды іздеу мақсатындағы диалогқа қабілетті ұлттық мәдениет адамын тәрбиелеу, т.б.

Қуантарлығы, ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің бұйрығымен желтоқсан айының соңында бекітілген «Жоғары және жоғары білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысын ұйымдастыру туралы әдістемелік ұсынымында» тәрбиенің бағыттарын айқындауда «Абайдың толық адам концепциясы», оның ішінде «Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» қағидадары назарға алынған. Яғни, алдағы уақытта тек педагогикалық оқу орындары ғана емес, барлық жоғары оқу орындары Абай шығармашылығы негізінде тәрбиелеу үдерісін жүргізуді жолға қояды деген сөз.

Абай өзінің гуманистік танымын тұрғысынан ескеңе ұрпақтың адамшылық негіздері, бойға ұялатар қасиеттері қандай болмақ деген ойға ерекше көңіл бөледі. Ақынның өмір бойы шарқ ұрып іздегені – толық адам. Абайдағы толық адам – рухани жетілген, кемеліне келген адам. Осы идеяларды жүзеге асыру үшін институтымыздың ғалымдары аянбай еңбек етіп жүр. Айталық, «Хакім Абай» ғылыми-зерттеу орталығының мамандарынан бөлек институттың профессоры, ф.ғ.д., Гүлбану Қосымова осы бағытта студенттерге және мектеп мұғалімдеріне арналған түрлі шаралар өткізіп, дәрістер оқуда.

–**Сұхбатыңызға рахмет!**

Сұхбаттасқан Болат ШАРАХЫМБАЙ

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Басқарма төрағасы-ректоры Болат Тілеп Астанаға өндірістік іс-тәжірибеге баратын 4-ші курс студенттерімен кездесу өткізді. Іс-шараға академиялық қызмет жөніндегі проректор Бану Нарбекова, Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Хайрулла Жанбеков және университеттің жеті институтынан 181 студент қатысты.

АСТАНА МЕКТЕПТЕРІНДЕ ТӘЖІРБИЕДЕН ӨТЕДІ



қалыптастырудағы жетекші педагогикалық оқу орнының басты міндетіне тоқтала келе, болашақ ұстаздық мамандығын таңдаған студенттердің жауапкершілігіне ерекше назар аударды. Ректор студенттердің өндірістік іс-тәжірибеден жоғары кәсіби деңгейде өтетініне сенім білдіріп, білікті маман өз еліне қызмет етіп қана қоймай, қоғам игілігіне де елеулі үлес қосатынын атап өтті.

Елордада білім беру саласындағы педагогикалық кадрлардың тапшылығын жоюдың маңызды міндетін шешу мақсатында Абай университеті мен Астана қаласының Білім басқармасы арасында ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылған болатын. Меморандум аясында Абай университетінің 181 студенті 32 білім беру мекемесінде, оның ішінде 11 лицей, 13 гимназия, 1 жалпы білім беретін мектеп, 3 арнайы білім беру мекемесінде және 4 балабақшада өндірістік іс-тәжірибеден өтеді. Тәжірибе кезеңі 2024 жылдың 4 наурызынан 3 мамырға дейін жалғасады.

Өндірістік іс-тәжірибе барысында тәжірибелі әдіскерлердің жетекшілігімен студенттер құнды тәжірибе жинақтап, кәсіби шеберліктерін шыңдайды. Бұл кезең университет пен Астананың орта білім беру орындарының ұзақ мерзімді ынтымақтастығына негіз болып, қала мен оның жастары үшін жоғары білікті мамандарды даярлауға септігін тигізеді.

Баспасөз қызметі

МӘЖІЛІС

АБАЙ ЖӘНЕ МИЧИГАН УНИВЕРСИТЕТТЕРІНІҢ ӨКІЛДЕРІ КЕЗДЕСТІ

Абай университетінің басшылығы әлемнің ең үздік американдық жоғары оқу орындарының бірі - Мичиган мемлекеттік университетінің (АҚШ) делегациясымен кездесті.

Шетелдік делегация құрамында білім беру саласындағы халықаралық зерттеулер бөлімі директорының орынбасары Джули Синклер, білім беру саласындағы жанандық өзара іс-қимыл жөніндегі кеңесші Шакил Малик, халықаралық кәсіби бағдарламалар бөлімінің директоры Синюй Ву, халықаралық зерттеулер басқармасының ғылыми қызметкері Әлия Бижанова және Global Nomad Education бас директоры Алмагүл Қанағатова болды. Кездесуге Қазақстан тарапынан академиялық қызмет жөніндегі проректор Бану Нарбекова, стратегия және интернационалдандыру жөніндегі проректор Айгүл Исакова, Халықаралық ынтымақтастық департаменті мен Педагогика және психология институтының өкілдері қатысты.

Кездесу барысында қазіргі білім берудегі трендтер мен сын-қатерлер жағдайында педагог кадрларды даярлаудың өзекті мәселелері талқы-




ланды. Екі университет басшылары педагог кадрларды даярлау сапасын жақсартуға, оқыту мен зерттеудің жаңа әдістерін енгізуге бағытталған өз жобаларын ұсынды, білім беру бағдарламаларының, біліктілікті арттырудың (инклюзивті білім беру, Action research, ерте даму, көшбасшылық) және бейресми оқытудың негізгі аспектілерін қарастырды.

Айгүл Исакова Мичиган университетімен стратегиялық ынтымақтастықтың, әсіресе студенттердің академиялық ұтқырлығын, докторанттардың ғылыми тағылымдамаларын, профессор-оқытушылар құрамымен

алмасуды және ғылыми ынтымақтастықты қамтитын интернационалдандыру бағытындағы маңыздылығын атап өтті. Бұл маңызды қадамдар Қазақстанның жетекші педагогикалық университетінің халықаралық байланыстарды дамытуға және университеттің әлемдік білім кеңістігіндегі позициясын нығайтуға деген ұмтылысын одан әрі күшейтеді. Кездесу соңында тараптар стратегиялық әріптестікті тиімді ілгерілету бойынша бірлескен Жол картасын әзірлеуге келісті.

Қоғаммен байланыс департаменті

НҮРСҰЛТАН – ТУРНИР ЖЕҢІМПАЗЫ!



Минскіде (Беларусь) өткен ересектер арасындағы самбодан халықаралық турнирде Абай атындағы ҚазҰПУ Өнер, мәдениет және спорт институтының 4-ші курс студенті Нұрсұлтан Нұрсейітов 64 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде чемпион атағын жеңіп алды. Нұрсұлтан Нұрсейітов мықты қарсыластарымен жекпе-жекте бірқатар әсерлі жеңістерге қол жеткізіп, шеберлік пен күрес дайындығының жоғары деңгейін көрсетті. Оның халықаралық аренадағы жеңісі ерік-жігер мен табандылықтың тамаша үлгісі болды.

ЖІГЕР – АЗИЯ БІРІНШІЛІГІНЕ ЖОЛДАМА АЛДЫ



22-26 ақпан аралығында Ақтөбе қаласында қазақ күресінен Қазақстан чемпионаты өтті. Чемпионатта Өнер, мәдениет және спорт институтының «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының 3 курс студенті Жігер Еркінұлы 72 келі салмақ дәрежесінде күміс жүлдегер атанып, Азия чемпионатына жолдама алды. Жеке бапкері - Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы Еркін Сайдақов. Жігер мен Нұрсұлтанға алдағы уақытта жаңа спорттық жеңістер тілейміз!

ҮЗДІК ҰСТАЗДАР МАРАПАТТАЛДЫ

1 наурыз Алғыс айту күніне орай күні Түркістан қаласында ҚР Ғылым және жоғары білім министрі С.Нұрбек Республикалық «ЖОО үздік оқытушысы - 2023», «Үздік ғылыми қызметкер - 2023» байқауларының жеңімпаздары мен Ғылым саласындағы атаулы сыйлық және мемлекеттік ғылыми стипендия иегерлерін салтанатты түрде марапаттады.

500-ден астам көрерменнің басын қосқан іс-шараға зиялы қауым өкілдері, мәдениет қайраткерлері, жоғары оқу орындарының ректорлары, ғалымдар мен оқытушылар, білім беру мекемелерінің басшылары мен білім алушылар қатысты.

Абай университетінің ғалымдары оқу ордасының білім беру және ғылыми бағдарламалары мен жобаларының жоғары деңгейін дәлелдеп, үздіктер қатарынан көрінді.

«ЖОО үздік оқытушысы - 2023» байқауының жеңімпаздары - профессор Б.Жұмагуловқа, PhD докторлар К.Бекенаева мен Д.Алиасқаровқа арнайы төсбелгі тапсырылып, 2000 АЕК көлеміндегі сыйақыға ие болды.

Сондай-ақ, Гуманитарлық ғылымдар саласындағы үздік ғылыми зерттеуі үшін Ш.Уәлиханов атындағы сыйлық иегері - профессор Ш.Құрманбайұлына, Мемлекеттік ғылыми стипендия иегері, жетекші ғалым - профессор А.Бердышевке, талантты жас ғалымдарға арналған ғылыми стипендия иегерлері - PhD докторлар Ж.Байшемиров пен А.Сейлханға арнайы сертификаттар табысталды.

«ТЫЛСЫМ ӨНЕРДІҢ ТАНЫМГЕРІ»

15 ақпанда Абай университетінде «Ұлттық тәрбие» орталығы мен Көркем білім кафедрасының ұйымдастыруымен Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, Қазақстан мемлекеттік туының авторы Шәкен Ниязбековтің 85 жылдығына арналған «Тылсым өнердің танымгері» байқауы өтті.



Іс-шара аясында университет студенттерінің кескіндеме, графика және қолөнер туындыларынан тұратын көрме ұйымдастырылды.

Көрме Қазақстан Республикасының аңуранымен басталып, оқу орнының әлеуметтік даму мәселелері жөніндегі проректоры Мақсат Жақауовтың алғы сөзімен ашылды. Одан кейін Ардагерлер кеңесінің төрағасы Берікжан Әлмұхамбетов, «Абай университеті» газетінің бас редакторы Болат Шарахымбай, Көркем білім беру кафедрасының меңгерушісі Ерлан Әсембайұлы сөз алып, естеліктерімен бөлісті.

Байқау қорытындысы бойынша Өнер, мәдениет және спорт институтының 1-курс студенті Зарина Сарина (жетекшісі М.Қанленов) бас жүлдеге ие болса, 2-курс студенті Валерия Макаренко (жетекшісі Ж.Шайғозова) 1 орынға жайғасты. Жас суретшілер Аян Сейдіғазы мен Айбек Төлеген (жетекшісі Б. Нұрбатыров) 2 орын жеңімпазы атанса, 4-курс студенті Аружан Дүйсенбай (жетекшісі Л.Аденова) жүлделі 3 орынға тұрақтады. Конкурста қатысқан әрбір жеңімпаз студент пен жетекшілеріне ынтылаңдыру сыйлықтары мен алғыс хаттар табыс етілді.

Ақерке ЫСҚАҚ

ТМД-НЫҢ ҮЗДІК СТУДЕНТТЕРІ



Астана қаласындағы «Бөбек «Жалпыұлттық қозғалысы» қолдауымен Халықаралық студенттер қауымдастығы ұйымдастырған халықаралық жобаға «Бастауыш білім беру» бағдарламаларының студенттері белсене қатысты.

Жақында жоба нәтижесі бойынша «6B01302 - Бастауыш білім бизнес инновациямен» білім беру бағдарламасының 4-ші курс студенттері Құралбайқызы Гүлнұр, Ерсайын Еңлік, Жолдасхан Әсел; «6B01303 - Бастауыш білім ақпараттық-коммуникациялық технологиямен» білім беру бағдарламасының 4-ші курс студенті Кулакова Елена; «6B01302 - Бастауыш білім бизнес инновациямен» білім беру бағдарламасының 1-ші курс студенті Сұлтанова Камилям; «6B01303-Бастауыш білім ақпараттық-коммуникациялық технологиямен» білім беру бағдарламасының 1-ші курс студенті Жиенбаева Аяна II дәрежелі дипломдармен, «ТМД-ның Үздік студенті-2024» медальдарымен марапатталды және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің «Дарынды жастардың халықаралық энциклопедиясы» VII «Үздік студент-2024» кітап жинағына енді.

Жобада белсенді жастарға көрсеткен қолдауы үшін жетекшілері п.ғ.к., профессор Л.А.Лебедева, аға оқытушылар М.Т.Бекбаева, Г.Г. Арыновалар алғыс хаттармен марапатталды.

Өз тілшімізден